



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 27 қыркүйек

ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің қаржылық реттеушілері ЕАЭО ортақ қаржы нарығын қалыптастыру тұжырымдамасын әзірлеуді жоспарлап отыр

2018 жылғы 17 қыркүйекте Ереван қаласында Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің валюталық саясат жөніндегі консультациялық кеңесінің кезекті отырысына қатысты. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев бүгін Алматы қаласында өткен дәстүрлі баспасөз конференциясы барысында журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып айтып берді.

Ол Қазақстан Ұлттық Банкі үшін бұл іс-шараның орталық (ұлттық) банктердің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша пікір алмасуға арналған тиімді алаң ғана емес, сол сияқты одан әрі ықпалдасу және ЕАЭО ортақ қаржы нарығын құру бойынша шоғырландырылған ұстанымды әзірлеу орны екендігін атап өтті.

Қазақстан Ұлттық Банкі басшысының айтуынша, қазіргі уақытта бес елдің қаржылық реттеушілерінің күш-жігері бағдарламалық құжат – ЕАЭО ортақ қаржы нарығын қалыптастыру тұжырымдамасын әзірлеуге жұмсалатын болады.

Қадағалап пайымдауды енгізу банк секторында проблемалар қайталануын болдырмауға мүмкіндік береді

Қазақстан Ұлттық Банкі әрбір жеке банктегі жағдайды бақылайды. Өзінің реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері шегінде Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының банктік заңнамасы бұзылған, банктерден қаражатты әкету фактілері анықталған не белгіленген лимиттер сақталмаған кезде банктер мен олардың акционерлеріне қатысты тиісті шараларды қабылдайды. Бұл жөнінде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев бүгін Алматы қаласында өткен дәстүрлі баспасөз конференциясының барысында журналистерге айтып берді.

«Банктік қадағалаудың тиімділігін арттыру мақсатында 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап тәуекелге бағдарланған қадағалау енгізіледі, оның шегінде Ұлттық Банк тәуекелдер туындаған жағдайда алдын алу шараларын қабылдауды көздейтін дәлелді уәж институтын пайдаланады. Басқаша айтқанда, реттеуші банктердің қаржылық жай-күйінің нашарлауын күтпестен оларда дағдарысты жағдайдың туындауын болдырмау мүмкіндігін алады», - деді Д. Ақышев.

Ол Қазақстан Ұлттық Банкі төрт салада: менеджмент пен акционерлерді келісуде; құрылған провизиялардың (резервтердің) барабарлығын бағалауда; банкпен ерекше қатынаспен байланысты тұлғаларды айқындауда; тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін бағалауда дәлелді уәжді пайдалануға ниетті деп атап өтті.

«Қадағалап пайымдауды енгізу Ұлттық Банктің ағымдағы қадағалау өкілеттіктерін кеңейтпейтіндігін атап өту маңызды. Негізгі өзгерістер банктерді реттеудің қолданыстағы өлшемдері ішінде болады. Іс жүзінде Ұлттық Банктің қадағалау құралдарын реттеу

жүргізіледі және оларды қолдану үшін негіздемелер болады», - деп атап өтті Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы.

Д. Ақышевтың айтуынша, бұл шаралар банк секторындағы мәселелердің қайталануының алдын алуға мүмкіндік береді және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың мүдделерін қорғауды күшейтеді.

Данияр Ақышев – Банк жүйесіне қолдау көрсету ел экономикасын кредиттеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді

Банктерге мемлекеттік қолдау айрықша жағдайларда, мәселен, күрделі жүйелі тәуекел сияқты жағдайларда көрсетіледі. Осындай жүйелі тәуекелдер қатарына кредиттеуді және клиенттердің көп бөлігіне көрсетілетін төлем қызметтерін тоқтату немесе бұзу тәуекелі жатады. Бұл жөнінде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев бүгін Алматы қаласында өткен дәстүрлі баспасөз конференциясы барысында журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып айтты.

Қазақстан Ұлттық Банкі басшысының айтуынша, мемлекет ел экономикасы үшін негізгі рөл атқаратын банктерге көмек көрсетуге мүдделі. Мәселен, біздің елімізде бір немесе екі ірі банктің банкрот болуы ел экономикасы үшін орны толмас салдарға әкелуі мүмкін, себебі қарапайым салымшылардың, шаруашылық субъектілерінің (осындай банктерде шоттары бар кәсіпорындардың, фирмалардың) мүдделері зардап шегеді.

«Банк жүйесіне қолдау көрсету оның орнықтылығын қамтамасыз етуге және ел экономикасын кредиттеуді жалғастыруға мүмкіндік береді», - деді Д. Ақышев.

БЖЗҚ қаражатын басқарушы компанияларға беруге байланысты жағдай туралы Данияр Ақышев айтып берді

Бүгінгі күні зейнетақы активтерінің бір бөлігі «Дамушы нарықтардың жаһандық облигациялары» мандаты бойынша Aviva Investors сыртқы басқарушысына берілді. Басқа мандаттар бойынша зейнетақы активтерін беру жүзеге асырылуда не сыртқы басқарушыларды таңдауға тендер жарияланды. Бұл туралы бүгін Алматы қаласында болып өткен дәстүрлі баспасөз конференциясы барысында журналистер сұрақтарына жауап бере отырып, Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді.

БЖЗҚ қаражатын жергілікті басқарушы компанияларға беру мәселесі бойынша Д. Ақышев Қазақстан Ұлттық Банкі әзірлеген тұжырымдамаға сәйкес салымшы өзінің зейнетақы жинақтары берілетін басқарушы компанияны өз бетінше таңдайтынын атап өтті. Бұл ретте, БЖЗҚ бұрынғысынша бірыңғай есепке алу орталығы және барлық зейнетақы шоттарының басқарушысы болып табылады. Бұл ұсыныстар қазір ҚР Үкіметімен талқылануда.

Қаржыгерлердің VIII Конгресінің алдағы жұмысы туралы Данияр Ақышев айтып берді

Ағымдағы жылы Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстанның Қаржыгерлер қауымдастығымен бірлесіп Қазақстан Қаржыгерлерінің VIII Конгресін өткізуді жоспарлап отыр. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев, бүгін Алматы қаласында өткен дәстүрлі баспасөз конференциясы барысында журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, айтып берді.

Ол іс-шараның әдеттегідей 15-қарашада – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу күні өтетіндігін, оның қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі болып табылатындығын атап өтті.

Д. Ақышев 2018 жылды мемлекеттің қаржы жүйесі үшін теңгені енгізудің 25-жылдығы сияқты осындай маңызды оқиғамен атап өтетіндігін назарға ала отырып, Конгреске қатысуға таяу және алыс шет елдерден қонақтар шақырылғандығын, оның құрамында орталық банктердің басшылары, халықаралық қаржы ұйымдарының өкілдері және қаржы нарығының кәсіби қатысушылары бар екендігін атап өтті.

«Биыл біз Конгресті өткізу форматын аздап өзгертуді жоспарлап отырмыз, атап айтқанда қазіргі жағдайда орталық банктер алдындағы сын-қатерлерге арналған түрлі тақырыптар, трансшекаралық есеп айырысуда ұлттық валюталарды пайдалану, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, сондай-ақ тәуекелге бағдарланған қадағалау бойынша сессияларға бөлеміз. Биыл шілдеде Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамалық актілеріне, атап айтқанда қаржы ұйымдарының қызметін тәуекелге бағдарланған қадағалауды енгізу мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтыруларды көздейтін тиісті заң қабылдағанымыз өздеріңізге белгілі. Осыған байланысты заңды біздің нарығымызға сәйкес іске асырудың практикалық тұстарын талқылаған дұрыс болар еді», - деді Д.Ақышев.

Ұлттық Банк басшысының айтуынша, дәстүрлі түрде Конгресс Қазақстан Республикасы ішкі қаржы нарығының қазіргі қаржы архитектурасы жағдайындағы мәселелерін қамтуға тиіс. Сонымен бірге ұлттық валюта енгізілген сәттен бері 25 жыл өткенін ескере отырып, бір сессия қолма-қол ақша тақырыбына арналатын болады, оның барысында қолма-қол ақша айналысының мәселелері және оның болашағы жоспарланатын болады.

Д. Ақышев сұраққа жауап бере отырып, Конгресс шеңберінде қаржы секторын дамытудың, реттеудің және қадағалаудың өзекті мәселелері бойынша бірқатар тақырыптар, оның ішінде Орталық банктердің қаржы нарықтарын дамытудағы рөлі; сауда, инвестициялық және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезіндегі есеп айырысуда ұлттық валюталарды пайдалануды кеңейту және ынталандыру, цифрландыру және цифрлық шешімдерді қолдану және дамыту саласында тәжірибе алмасу; орталық банктердің қолма-қол ақша айналысын реттеудегі рөлі; қаржы нарығының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету үшін ерте араласуға және қадағалау іс-қимылын уақтылы қабылдауға негізделген тәуекелге бағдарланған қадағалауды жетекші Еуропа елдерінің тәжірибесін ескере отырып қаржы нарығына енгізу; қазіргі уақыт жағдайында қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету тақырыптарын талқылау жоспарланып отырғанын айтып берді.

«Көрсетілген мәселелерді талқылауға Еуропаның қадағалау органдарында жұмыс істеу тәжірибесі бар халықаралық сарапшылар, ТМД Орталық банктерінің және шетелдік банктер мен Қазақстанның екінші деңгейдегі банктерінің өкілдері қатысады», - деді Д. Ақышев.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады
+7 (727) 704 585
e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz